



ZET GAMING
BLADE
пернетақтасы

Сеніміңіз үшін рахмет!

Біздің командамыз Сіздің компьютер ойындарына деген құштарлығыңызбен толығымен бөліседі, сондықтан Сіздің ойын тәжірибеңіз геймерлерге арналған аксессуарларымызбен неғұрлым ұмытылмас бола түсуі үшін бар күшімізді саламыз.

Жаңа жеңістер мен ең жарқын әсерлер тілейміз!

Құрылғының мақсаты

Пернетақта — бұл белгілі бір ретпен орналастырылған пернелер жинағынан тұратын енгізу құрылғысы.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: Blade
- RGB-жарықтандыру және БҚ көмегімен толық баптау мүмкіндігі.
- Kailh Red Optical оптикалық ауыстырып-қосқыштары.
- Ресурс: 80 миллион басуға дейін.
- Металл негіз.
- 20 жарықтандыру режимі + 2 пайдаланушы режимі.
- Anti-ghosting технологиясы.
- USB-кабель: 1,8 м, орағышта.
- Пернетақта габариттері: 435x127x37 мм.
- Білекке арналған тұғырлықтың габариттері: 435x76,7x13,6 мм.
- Windows 98/NT/ME/2000/XP/VISTA/7/8/10 жүйелерімен үйлесімділігі.

Пернелердің қысқартылған атауларының толық жазылуы

PS: Print Screen.

SL: Scroll Lock.

PB: Pause/Break.

INS: Insert.

HM: Home.

PU: Page Up.
DEL: Delete.
PD: Page Down.
NUM: Num Lock.


Пернелердің таңдамалы жарықтандыру режимі (Design It Yourself)

Өзіңіздің режиміңізді құрастырыңыз, қандай пернелер жарықтандырылатынын таңдаңыз.

1. Пайдаланушы режимінің қайсысы бапталатынына байланысты **FN + CM1** немесе **FN + CM2** пернелер тіркесімін басыңыз.
2. Редакциялау режиміне кіру үшін **FN+DIY (backspace)** пернелер тіркесімін басыңыз. Осы режимде оң жақ жоғарғы бұрыштағы жарық индикаторлары серпінді жыпылықтайды.
3. Бұдан әрі Сіз басатын барлық пернелер үнемі жарықтандырылады. Пернені қайталап басу оның түсін өзгертеді.
4. Пернелерді осылай таңдап, баптау аяқталғаннан кейін барлық қажетті пернелер жарықтандырылғанына көз жеткізіңіз.
5. Пайдаланушы режимінің баптауларын сақтап қалу үшін **FN+DIY (backspace)** пернелер тіркесімін басыңыз.
6. Кез келген сәтте пайдаланушы режиміне ауыстырып-қосу үшін **FN+CM1** немесе **FN+CM2** пернелер тіркесімін басыңыз.
7. Пайдаланушының барлық баптауларын алып тастау үшін **FN+ESC** пернелер тіркесімін 5 секунд басып, ұстап тұрыңыз. Пернетақта зауыттық баптауларға оралады және Сіз барлық қажетті баптауларды қайта жасай аласыз.

Пернелер тіркесімдері

FN+ESC	Зауыттық баптауларды қалпына келтіру үшін 5 секунд ұстап тұрыңыз
FN+DEL	Біртүсті жарықтандыру режимдерін (6 режим) ауыстырып-қосу
FN+HM	Көптүсті жарықтандыру режимдерін (13 режим) ауыстырып-қосу

FN+INS	Біртүсті жарықтандырудың негізгі түсін ауыстырып-қосу (7 режим)
FN+END	Жарықтандыруды сөндіру / қосу (кез келген режимде)
FN+BACKSPACE	Пернелердің таңдамалы жарықтандыруын өңдеу режимі
FN+CM1	Пернелердің таңдамалы жарықтандыруының пайдаланушы режимі № 1
FN+CM2	Пернелердің таңдамалы жарықтандыруының пайдаланушы режимі № 2
FN+6/N	6 пернеге арналған Anti-ghosting режимі мен барлық пернелерге арналған Anti-ghosting режимі арасында ауыстырып-қосу
FN + оң жақ/сол жақ көрсеткі	Жарықтандыруды ауыстыру жылдамдығын реттеу (сәйкесінше баяуырақ / жылдамырақ)*
FN + жоғары/төмен көрсеткі	Жарықтандыру жарықтылығын реттеу (сәйкесінше күңгірттеу / ашықтау)*
FN + WIN ()	WINDOWS пернесін бұғаттау/бұғаттан шығару
FN+F1	Windows Media Player іске қосу
FN+F2	Дыбыс қаттылығын азайту
FN+F3	Дыбыс қаттылығын арттыру
FN+F4	Дыбысты өшіру
FN+F5	Ойнатуды тоқтату
FN+F6	Алдыңғы жол
FN+F7	Ойнату/үзіліс
FN+F8	Келесі жол
FN+F9	Пошта
FN+F10	Браузерді іске қосу
FN+F11	Калькулятор
FN+F12	Барлық пернелерді бұғаттау

* Бапталатын параметрдің минималды/максималды мәніне жеткенде жоғарғы оң жақ бұрыштағы жарық индикаторлары үш рет жыпылықтайды.

Сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы құрғақ үй-жайда сақталуы және тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғының сатылуы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес әрі қарай қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктінде кәдеге жаратылуға өткізілуі тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын-алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Аспаптың ақаулығы анықталғанда авторизацияланған сервистік орталыққа дереу жүгіну немесе аспапты кәдеге жарату қажет.

Сақтық шаралары

1. Құрылғы құрылымына ешқандай өзгерістер енгізбеңіз.
2. Қысқа тұйықталуға жол бермеу үшін құрылғының кез келген сұйықтықтармен түйісуіне жол бермеңіз, оның жанына сұйықтық құйылған ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электрмагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ЭфЭл Эспортс Электроникс Ко., Лтд.

В ғимарат, Ванучжоу өнеркәсіптік аймағы, Шилун, Дунгуань қ.,
Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис
301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй,
301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016
«Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті
заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің
талаптарына сәйкес келеді. Тауардың өндірілген күні, сонымен
қатар кепілдік пен пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

Бұйымның сыртқы көрінісі және оның сипаттамалары алдын ала
ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін. Бұйымның нақты
интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.